

Барлық заңды тұлғалардың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) көшуін қамтамасыз ету жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 29 тамыздағы N 760 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 6 сәуірдегі N 310 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарының 58-тармағын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысымен бекітілген Мемлекет басшысының 2005-2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралардың 352-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Барлық заңды тұлғалардың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) көшуін қамтамасыз ету жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Жоспардың орындалуына жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар және өзге мемлекеттік органдар :

Жоспардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін; жыл сайын есепті жылдан кейінгі 25 сәуірге дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі жыл сайын есепті жылдан кейінгі 25 шілдеге дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 7

ж ы л ғ ы

2 9

т а м ы з д а ғ ы

Барлық заңды тұлғалардың халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) көшуін қамтамасыз ету жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шаралардың атауы	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (мың теңге)	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	6	7
1.	Бақылау пакеттерін иелену және пайдалану құқығы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (коммерциялық емес) еместерін қоспағанда), жарғылық капиталына мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдардың, шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар арасында ХҚЕС-ке көшу және ұйымдардың ХҚЕС-ке көшу жай-күйі туралы ақпаратты беру бөлігінде Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелері жөніндегі заңнамасын сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Қаржы-миніне ақпарат	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	Тұрақты	Талап етілмейді	
	Талдау жүргізу және бақылау пакеттерін иелену және пайдалану құқығы мемлекетке					

2.	<p>тиесілі ведомство-лық бағынысты акционерлік қоғамдардың (коммерциялық еместерін қоспағанда), жарғылық капиталына мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдардың, шаруашылық жүргізу құқығына негізделген мемлекеттік кәсіпорындардың ХҚЕС-ке көшуінің жай-күйі туралы, оның ішінде:</p> <p>1) бухгалтерлік қызметтер қызметкерлерінің ХҚЕС бойынша біліктілігін арттыру туралы;</p> <p>2) ХҚЕС талаптарына жауап беретін қайта бекітілген есепке алу саясатының болуы туралы;</p> <p>3) ХҚЕС бойынша шоттарының жұмыс жоспарының болуы туралы;</p> <p>4) есепті кезең үшін қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес жасау туралы ақпарат беру</p>	Қазақ-стан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині, мемлекеттік органдар	Жыл сайын, 25 сәуір	Талап етілмейді	
3.	<p>2009 жылдан бастап бес жыл мерзімге ХҚЕС-тің мемлекеттік тілдегі ресми аудармасын жариялау мақсатында ХҚЕСКҚ-мен шартты ұзарту</p>	Шарт	Қаржымині	2009 жылғы 4-тоқсан	5550*	РБ
4.	<p>Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес ХҚЕС-ке көшуге міндетті ХҚЕС-ке көшпеген заңды</p>	Қазақ-стан Республикасының Үкіме-	Қаржымині	Жыл сайын, 25 сәуір		

	тұлғалардың санын анықтау жөнінде жұмыстар жүргізу	тіне ақпарат			Талап етілмейді	
5.	Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамаға сәйкес ХҚЕС-ке көшуге міндетті ХҚЕС-ке көшпеген заңды тұлғаларға тиісті шаралар қолдану	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині	Жыл сайын, 25 сәуір	Талап етілмейді	
6.	Осы Жоспардың 4-тармағын талдау нәтижелері бойынша қажеттілігіне қарай заңнамалық актілерге бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауына ұсыныстар енгізу	Қаржымині	Қажеттілігіне қарай	Талап етілмейді	
7.	Соңғы нұсқасына сәйкес ХҚЕС-ті және ХҚЕС жөніндегі глоссарийді ағылшын тілінен мемлекеттік тілге аудару	ХҚЕС және ХҚЕС жөніндегі глоссарий мемлекеттік тілде; МББ-да ХҚЕС мемлекеттік тілде жариялау	Қаржымині	2008-2009 жылдардағы 4-тоқсан	Барлығы: 3240 оның ішінде: 2008 - 1620 2009 - 1620	РБ
		Х А С мемле-				

8.	Соңғы нұсқасына сәйкес ХАС-ты ағылшын тілінен мемлекеттік және орыс тілдеріне аудару	кеттік және орыс тілдерінде; ХАС-ты МББ-да жариялау	Қаржымині	2008-2009 жылдардағы 4-тоқсан	Барлығы: 3240 оның ішінде: 2008 - 1620 2009 - 1620	РБ
9.	Қаржы жүйесі органдарының мамандарын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталығын құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп	Қаржымині	2007 жылғы 3-тоқсан	Талап етілмейді	
10.	Құрылатын қаржы жүйесі органдарының мамандарын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру орталығының жарғылық капиталын арттыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині	2008-2009 жылдардағы 25 сәуір	Барлығы: 86814 2008 - 43407 2009 - 43407	РБ
11.	Жария мүдделі ұйымдар үшін қаржылық есептілік депозитарийін құру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу	Қаржымині	2008 жылғы 4-тоқсан	500	РБ
12.	Мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінің Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының Заңына, оның ішінде халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігіне қаржылық бақылау жүргізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині	Жыл сайын, 25 сәуір	Талап етілмейді	
	Еліміздің өңірлері мен облыстарында, экономиканың нақты секторының					

19	ХҚЕС-ке сәйкес бухгалтерлік есеп пен ХАС-қа сәйкес аудит жөніндегі оқулықтарды дайындау және шығару	Оқулықтар	БҒМ	2008 жылғы 4-тоқсан	2008 - 18764	рыс шеңберінде және бюджеттен тыс қаражат есебінен)
20	Біріккен Ұлттар Ұйымының Сауда және дамыту жөніндегі Конференциясының Сауда және дамыту жөніндегі кеңесінің Инвестициялар, технологиялар мен сабақтас қаржы мәселелері комиссиясының үкіметаралық халықаралық есеп және есептілік стандарттары (ХЕЕС) жөніндегі сарапшылар жұмыс тобының құрамына қатысу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині, СІМ	Жыл сайын, 25 сәуір	Барлығы: 1 104 оның ішінде: 2008 - 552 2009 - 552	РБ
21	Еуропалық Одақтың органдарымен бухгалтерлік есеп және аудит саласында ынтымақтастық орнату және дамыту	Бухгалтерлік есеп, қаржылық есептілік және аудит мәселелері бойынша хат алмасу мен келіссөздер	Қаржымині, СІМ	Тұрақты	Талап етілмейді	
22	Қазақстан Республикасында ТМД Аткару комитетінің жанындағы Бухгалтерлік есеп жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысын өткізу	Отырыс хаттамасы	Қаржымині	2008 жылғы 4-тоқсан	Талап етілмейді	

Республикалық				141 068
бюджеттен және				2007 -
бюджеттен тыс				1 228
қаражаттың				2008 -
есебінен жиыны:				77091
				2009 -
				62749

Ескертпе : аббревиатуралардың толық жазылуы:

- БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
МББ - мерзімді баспасөз басылымдары
МЖБС - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
ПОҚ - профессорлық-оқытушылық құрам
РБ - Республикалық бюджет
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ХАС - Халықаралық аудит стандарттары
ХҚЕС - Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ХҚЕСКҚ - Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі
к о м и т е т т і ң қ о р ы

Жыл сайынғы шығыстар тиісті қаржы жылына арналған
"Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының
Заңына сәйкес нақтыланатын болады.

* Есеп айырысу 2009 жылға 1 АҚШ доллары 111 теңге болып жүргізілді